

"Тракторларды және олардың базасында жасалған іздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін жүргізу құқығына емтихандар қабылдау және куәліктер беру жөніндегі" ережелерді бекіту туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 29 қаңтардағы N 33 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2008 жылғы 6 карашадағы N 682 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 10 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5398 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15-07/32 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 25.01.2013 № 15-07/32 бұйрығымен.

Қолданушылардың назарына!!!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз.

"Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңын іске асыру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін жүргізу құқығына емтихандар қабылдау және куәліктер беру жөніндегі ережелерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2004 жылғы 29 қаңтардағы N 33 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2004 жылғы 1 наурыздағы N 2725 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

тақырыбындағы және 1-тармақта "машиналары мен механизмдерін" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ жоғары өтімді арнайы машиналарды" деген сөздермен толықтырылсын;

кіріспесіндегі: "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 7 қазандағы N 1096 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 тамыздағы N 827 қаулысын" деген сөздер "Қазақстан Республикасының "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңын" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

4-тармақта "Д. Айтжановқа" деген сөздер "А. Евниевке" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы, мелиоративтік және жол-құрылысы машиналары мен механизмдерін жүргізу құқығына емтихандар қабылдау және куәліктер беру ж ө н і н д е г і е р е ж е д е :

тақырыбындағы "машиналары мен механизмдерін" деген сөздерден кейін ", сондай-ақ жоғары өтімді арнайы машиналарды" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

1-тармақта "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 7 қазандағы N 1096 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 19 тамыздағы N 827 қаулысын" деген сөздер "Қазақстан Республикасының "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңын" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2-тармақта "машиналары" деген сөзден кейін "және механизмдер, сондай-ақ жоғары өтімді арнайы машиналары" деген сөздермен толықтырылсын;

5-тармақта "басқармасының" деген сөз "Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің инспекциясы" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

10-тармақтың төртінші абзацы алынып тасталсын;

12-тармақтың төртінші абзацындағы "куәлік" деген сөзді "куәлік көшірмесі" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

19-тармақта "қара түсті пастаны" деген сөздер алынып тасталсын;

27-тармақта "тұрғылықты жері бойынша" деген сөздерден кейін "және уақытша келуі бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

31-тармақ келесі үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Жүргізу дағды емтихандарды оқыту мекемесімен пайдалануға тракторлармен берілген өздігінен жүретін ауыл шаруашылығы және жол-құрылысы, сонымен қатар жоғары өтімді арнайы машиналармен қ а б ы л д а н а д ы . "

42-тармақта "кезекті тексеріс кезінде" деген сөздер "жыл сайын" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

43-тармақтың бірінші абзацындағы "куәліктер" деген сөз "куәліктердің

көшірмесі" деген сөздермен ауыстырылсын;

1-9-қосымшаларда "машиналары мен механизмдерін" деген сөздерден кейін " , сондай-ақ жоғары өтімді арнайы машиналарды" деген сөздермен толықтырылсын .

2. Агроөнеркәсіптік кешенінің техникалық саясаты департаменті (Коскин Қ.Т) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықтан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

3. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Күрішбаев

" К Е Л І С І Л Г Е Н "

Қазақстан Республикасының

Білім және ғылым Министрі

Ж. Түймебаев

25 қараша 2008 жыл